

Сабақтастық туралы келісім шарт №1

Қызылөзен ауылы

1 қыркүйек 2024 ж

Маңғыстау облысының білім басқармасының Түпқараған ауданы бойынша білім бөлімінің «Толағай» бөбекжайы» жедел басқару құқығындағы мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорыны директоры м.а К.Тулеева Маңғыстау облысының білім басқармасының Түпқараған ауданы бойынша білім бөлімінің «З.О.Баймырзаев атындағы жалпы білім беретін мектеп» КММ директоры м.а А.Кушекова арасында төмендегі өзара сабақтастық мәселелері бойынша осы шарт жасалды.

1.Шартқа тұру ережесі.

- 1.1.Қазақстан Республикасы мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты бойынша бөбекжай ересек тобы мен мектепалды даярлық сыныбымен өзара сабақтастыққа сай жұмыстар жүргізу.
- 1.2. Мектепалды даярлық сыныбы тәрбиешісі мен бөбекжайдың тәрбиешілері бірлесе отырып, семинар, ұйымдастырылған ашық іс-әрекеттер, басқа да іс-шаралар өткізіп отыру.
- 1.3. Тәрбиенушілерді диагностикалық зерттеу , мониторинг бақылауларын жүргізіп, мектепке дайындығын тексеріп отыру.

2.Екі жақтың міндеттері.

- 2.1.Жұмыс жоспарына сай жұмыс түрлерінің мазмұнын, көлемін ұсынуға.
- 2.2.Екінші жақтың жұмысын, өткізген іс-шараларын бақылап бірлесе жұмыс жасауға.
- 2.3.Қажетті жағдайда ұйымдастыру жұмыстарына араласуға құқылы.

3. Екі жақтың жауапкершілігі

- 3.1.Өздеріне тиісті жұмыстарын дұрыс және уақытында орындамағаны үшін жауап береді.

Келісім шарт өз күшіне қол қойған күннен бастап және көрсетілген мерзімге дейін 01.09.2024ж-31.05.2025ж. енеді.

Маңғыстау облысының білім басқармасының Түпқараған ауданы бойынша білім бөлімінің «Толағай» бөбекжайы» жедел басқару құқығындағы МКҚК директоры м.а  К.Тулеева



Маңғыстау облысының білім басқармасының Түпқараған ауданы бойынша білім бөлімінің «З.О.Баймырзаев атындағы жалпы білім беретін мектеп КММ директоры м.а  А.Кушекова



Орта білім беру ұйымдарымен өзара іс-әрекет

«Келісілді»

З.О.Баймырзаев мектеп директоры м.а

А.Кушекова

«_____» 2024 жыл



«Бекітемін»

«Толағай» бөбекжайы директор м.а

К.Тулеева

«_____» 2024 жыл



МКҚК «ТОЛАҒАЙ» БӨБЕКЖАЙЫ және З.О.БАЙМЫРЗАЕВ МЕКТЕБІ

2024-2025 оқу жылындағы құрылған қарым-қатынас жоспары

Мазмұны	Мерзімі	Жауапты
2024-2025 ж оқу жылына арналған жұмыс жоспарын бірлесіп құру	Қыркүйек 2024 жыл	Директор м.а: К.Тулеева Әдіскер:Т.Джауметбаева З.О.Баймырмаев мектеп директоры м.а А.Кушекова
Ересек тобының тәрбиеленушілерінің мектеп кітапханасына саяхаты	Қантар 2025жыл	Әдіскер: Т.Джауметбаева Ересек топ тәрбиешілері
Ересек тобының тәрбиеленушілерінің мектепалды даярлық сыныбымен таныстыру	Наурыз 2025 жыл	Әдіскер: Т.Джауметбаева Ересек топ тәрбиешілері
Ересек топ балалардың тілдік, танымдылық дайындығы.	Сәуір 2025жыл	Логопед
Бөбекжайдағы түлектер кешіне мектеп директорын, даярлық сынып мұғалімін шақыру	Мамыр 2025 жыл	Әдіскер

Ақпарат

2024-2025 оқу жылына арналған жұмыс жоспарын бірлесіп құру

МКҚК «Толағай» бөбекжайы директорының м. а. Тулеева Қ. Б мен З. О Баймырзаев мектебінің м. а. директоры А Кушева мектеппен сабақтастық мақсаты негізінде келісім шартқа отырды.

Сабақтастықтың түпкілікті мақсаты - баланы жүйелі, сатылы дамыту, бір буыннан екінші буынға неғұрлым сәтті өтуін ұйымдастыру.

Міндеттері - тәрбие мен білім беру мазмұнын тиімді әдіс –тәсілдерді қолдана отырып, мектептің бастауыш сынып мұғалімдері мен балабақша тәрбиешілерінің әдістемелік өзара әрекеттестігін сапалы формалары арқылы жүзеге асыру;

Мектепке дейінгі ересек жастағылар мен ұстаздар арасындағы қиындықтарды шешу жолдарын іздестіру.

Сабақтастық не береді:

Балаға - балалық шақтан мектепте оқуына бейімделуіне, баланың жеке тұлғалық дамуына оң жағдай туғызады.

Педагогке - тәрбиеші мен бастауыш сынып мұғалімдері арасындағы тығыз қарым - қатынас орнатып тәжірибе алмасуға.

Ата-анаға – Бала тәрбиесіндегі педагогикалық талаптардан хабардар болады.

Сондықтан мектепке дейінгі мекеме мен мектеп арасындағы сабақтастық баланың үздіксіз білім алу шарттарының бірі болып табылады.

Ақпарат

«Мектеп кітапханасына саяхат»

2025 жылдың қаңтар айында МКҚК «Толағай» бөбекжайының «Бәйтерек» ересек тобының тәрбиеленушілеріне жалпы орта білім беретін З. О Баймырзаев мектебі ішіндегі кітапханаға саяхат ұйымдастырылды.

Мақсаты: Кітапхана өмірімен таныстыру, білімнің кілті кітап арқылы берілетінін ұғындыру; бүлдіршіндердің кітапқа деген қызығушылығын арттыру; кітапты сүйуге, оны күтіп, таза ұстауға тәрбиелеу.

Кітап әлемінің табалдырығын аттаған-ақ бізді кітапханашы Айгүл апай құшақ жая қарсы алып, кітапхананы аралатты. Балалар кітапханашы апайды еліміздің тарихы туралы, ұлы тұлғалары және балаларға арналған әдебиеттер туралы әңгімелерін қызығушылықпен тыңдады. Балақайлар өздерін қызықтырған сұрақтарға тағылымды жауаптар алды. Кітапханашы балаларға келушілердің тіркелу орнын, кітапханаға оқырман құжатын көрсетіп қана өтуге болатынын ұғындырды. Олар кітапхананың оқу залдарында өздерін қалай ұстау керектігін, кітапты қалай пайдалану керек екенін білді. Бүлдіршіндерге ең бірінші кітапхана, абонемент, оқу залы, кітаптардың қалай орналасқаны, кітапханаға қалай жазылу керектігі туралы толық мағлұматтар берілді. «Кітап-білім бұлағы. Кітап-білімнің қайнар көзі» екені барынша түсіндірілді. Сондай-ақ іс-шара барысында бүлдіршіндердің назарына ертегі кітаптар, сөйлейтін кітаптар және де тағы да басқа көркем суреттелген иллюстрациялы кітаптар ұсынылды. Балаларға саяхат өтте қызықты болды.

Ақпарлама

Ағымдағы жылдың сәуір айында бөбекжайымыздағы «Бәйтерек» ересек тобының бүлдіршіндеріне Қызылөзен ауылы З.О Баймырзаев мектебінде орналасқан Мектепке дейінгі даярлық сыныбына саяхат ұйымдастырылды.

Саяхатың мақсаты: балалардың мектеп туралы түсініктерін кеңейту; мектепте оқуға деген ынтасын қалыптастыру. Балаларды мектеп ғимаратымен, кейбір ұғымдармен таныстыру (**сабақ, үзіліс**); балаларды мұғалімнің еңбегімен таныстыру; мектепке баруға деген құштарлықты ояту; келісімді сөйлеуді дамытуға ықпал ету; балаларды тәрбиелеу мен оқытумен айналысатын адамдардың еңбегін құрметтеуге тәрбиелеу.

